

## 2015 жылы әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімінің 2014 жылғы 3 желтоқсандағы № 19 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 қаңтарда № 4142 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімінің 29.12.2015 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015 жылдың қаңтарынан наурызына дейінгі кезеңде "Ақтөбе облысы Ойыл ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті жасқа толатын 1998 жылы туған еркек жынысты азаматтарды, сонымен қатар, бұрын тіркеуден өтпеген, Ойыл ауданының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеуден өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Ақтөбе облысы Ойыл ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, тіркеу қорытындысы туралы 2015 жылдың 10 сәуірінде аудан әкіміне хабарласын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қазыбаевқа жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК